



KORKYT ATA
UNIVERSITY

<https://korkyt.edu.kz/>

SYR TÚLEGI

stydent jastar gazetі

1992 жылдын мамырынан бастап шығады

№17 (442) 30 қыркүйек,
2024 жыл



Құрметті әріптестер!

Сіздерді кәсіби мерекеміз 1 қазан – Қазақстан Республикасының жоғары білім қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Осынау кәсіби мереке ғылыми білімнің құндылығын және еліміздің дамуындағы жоғары оқу орындарының рөлін ерекше мәртебемен атап өту үшін биыл алғаш рет белгіленіп отыр.

Мерейлі мереке қарсаңында баршаңызға мықты денсаулық, шалқыған шабыт, шығармашылық табыс, сәттілік, отбасыларыңызға бақ-береке, ырыс-дәулет тілеймін!

ШЕТЕЛДІК ӘРІПТЕСТЕРМЕН БІРЛЕСКЕН ЖОБАЛАР БАСТАЛДЫ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде шет елдік ғалымдармен кездесу өтті.

Шараға Ұлыбританияның Оксфорд университетінен археология және өнер тарихы зертханасының ғылыми қызметкері, доктор Эшли Харуда, Америка Құрама Штаттарының Мичиган университетінің антропология кафедрасының докторанты Кара Мари Ларсон, Филология ғылымдарының докторы, Ресей Халықтар достығы университетінің профессоры Бахтикиреева Ұлданай Мақсұтқызы, Филология ғылымдарының кандидаты, Ресей Халықтар достығы университетінің доценті Светлана Валерьевна Красильникова, Алматыдағы АҚШ Бас консулдығының қызметкері Ханзина Анар Маратқызы, Фулбрайт стипендиаты Эмиль Баутиста-Беккен қатысты.

Кездесу ынтымақтастықты нығайту барысында ұйымдастырылды. Іс-шарада қонақтарға сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар таныстырылды.

Университеттің басты мақсаттарының бірі – сапалы кадрлар дайындау. Осы бағытта шетелдік оқу орындарымен біршама жұмыс жүргізілді. Атап айтсақ, «British Council бағдарламасы бойынша Саффолк университетімен және Change Schoole-мен бірлескен жоба.

Айта кетейік, RUDN-мен магистратура бағдарламасы аясында, Томск политехникалық университетімен, Мәскеу авиациялық институтымен және Дубна университетімен бірге қос диплом бағдарламалары жүзеге асырылуда.



ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚҚА ТОЛЫ

2023-2024 оқу жылында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті маңызды жетістіктерге қол жеткізді. Оқу орны Қазақстанның жоғары білім беру мекемелері арасында QS World University Rankings (QS WUR) рейтингінде жоғары көрсеткіштерге ие болып, бірқатар білім беру бағдарламасы халықаралық деңгейде мойындалды. Атап айтқанда, университеттің дәстүрлі музыка өнері, хореография, су ресурстары және суды пайдалану, химия және математика сияқты бағыттары үздік үштікке енді.

–Былтыр QS британдық агенттігінің рейтингісі бойынша Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті алғаш рет әлемдік мықты жоғары оқу орындарының қатарына кірді. Сонымен қоса, Бірлескен ұлттар ұйымының Тұрақты даму мақсаттарын дамыту бойынша биыл алғаш рет Times Higher Education әлемдік ЖОО рейтингінен орын таптық. Қазіргі таңда университетте 113 білім беру бағдарламасы бойынша 10 мыңнан астам студент білім алып, 500-ден аса профессор-оқытушы құрамы қызмет етеді, - деді Бейбіткүл Кәрімова.

Университеттің 25 білім беру бағдарламасы 2024 жылғы ұлттық сұраныс рейтингінде үздік үштікте тұр. Бұл рейтингте аграрлық технологиялар, педагогика, физика, химия және экология саласындағы мамандар даярлау бағдарламалары алдыңғы қатарлы нәтижелерге қол жеткізді.

Білімалушылар да республикалық пәндік олимпиадаларда жоғары жетістіктерге жетті. 2023-2024 оқу жылында 46 студент республикалық пәндік олимпиадада жүлделі орындарға ие болды, бұл білім беру бағдарламаларының сапасын тағы бір дәлелдейді. Студенттер тек қана республикалық емес, халықаралық олимпиадаларға да қатысып, жоғары жетістіктерге қол жеткізді. Мысалы, география, математика және су ресурстары

пәндері бойынша халықаралық жарыстарда да студенттеріміз жеңіске жетті.

Студенттерге берілетін білім сапасының жоғары екендігі ҚР Президенті стипендиясының жеңімпаздарының санының артуынан да көрінеді. Соңғы үш жылда – 2021-2022 оқу жылындағы 21 білім алушыдан, 2023-2024 оқу жылында 26 білім алушыға дейін өскен.

QS WUR рейтингінде университеттің әлемдік деңгейде бағаланған бағдарламалары қатарында су шаруашылығы және жерге орналастыру, математика, қолданбалы механика және физика салалары бар. Университеттегі шетелдік жоғары оқу орындары, соның ішінде АҚШ, Еуропа және Азия елдерінің академиялық сарапшыларымен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істеуде. Бұл бағытта университеттегі ғылымды дамыту және халықаралық дәрежедегі бағдарламалар жасау негізгі басымдық болып отыр.

2024 жылғы QS рейтингіне сәйкес, университет әлемнің 884 білім беру бағдарламасы бойынша сарапшылармен жұмыс істеп, әлемнің үздік оқу орындарының қатарына кіруде. Бұл көрсеткіш университеттің жаһандық деңгейде білім сапасын арттыруға бағытталған стратегиялық жоспарларын растайды.

Университеттің болашақтағы негізгі басымдықтары білім сапасын арттыру, ғылыми зерттеулерді дамыту, және халықаралық ынтымақтастықты нығайту болып табылады. Президенттің тапсырмасы бойынша Сеул ұлттық ғылым және технологиялар университетімен бірлесіп «Жасанды интеллект және информатика» институты ашылып, жаңа оқу жылында алғашқы білім алушыларын қабылдады. Ағымдағы оқу жылына ҚР ҒЖБМ 100 грант бөлінді. Келесі оқу жылынан бастап «қос диплом» бағдарламасы жүзеге асырылады.

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚҚА ТОЛЫ

Жоғары оқу орнының академиялық ұтқырлық бағдарламасы халықаралық серіктестіктер арқылы дамуда. Мысалы, университет Қытай, Монғолия, Өзбекстан және Ресейден студенттер қабылдауда, бұл шетелдік білім алушылардың университетке деген қызығушылығының артып келе жатқанын көрсетеді. Сонымен қатар, шетелдік жоғары оқу орындарымен екіжақты ынтымақтастық орнату бағытында университет Мәскеу авиация институты, Қырғыз ұлттық университеті және Сеул ұлттық технологиялық университетімен келісімдер жасасып, қос дипломдық бағдарламаларды енгізуде.

2023-2024 оқу жылында университетте академиялық ұтқырлық бағдарламасы арқылы 14 оқытушы шетелдік университеттердің білім беру тәжірибесін арттыру мақсатында жұмыс істеді. Бұл бағдарлама арқылы оқытушылар мен студенттер шетелдік оқу орындарында тәжірибе жинақтап, халықаралық деңгейде білім алуға мүмкіндік алды. Университеттің серіктес оқу

орындарына Хубэй университеті (Қытай), Лодзь университеті (Польша), Сельчук университеті (Түркия) және басқа да жоғары оқу орындары кіреді.

Университет білім беру бағдарламаларының түлектері жоғары деңгейде жұмысқа орналасу көрсеткіштеріне ие. Мысалы, педагогикалық-психологиялық бағыттардағы түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші 86%-ды құраса, есеп және аудит, құқықтану және басқа салалардағы түлектердің жұмысқа орналасу пайызы да жоғары деңгейде. Бұл көрсеткіштер университеттің білім беру сапасының бәсекеге қабілетті екенін және түлектердің нарық сұранысына сай екенін көрсетеді.

Жыл сайын білім алушылар саны артып келеді. Соңғы 5 жылда студенттердің контингенті 2 есе артты. Биылғы 2024-2025 оқу жылына 3229 білім алушы қабылданып, оның 1506-ы білім грантын иеленді. Жаңа оқу жылында жатақхана мәселесі толық шешімін тап-

ты. Қазіргі таңда 1460 орындық 7 жатақхана жұмыс істейді. Сонымен қатар, 50 орындық коворкинг-орталығы бар асхананың құрылысы жүргізілуде.

Бұған қоса, университеттің кадрлық әлеуеті де артты. 2023-2024 оқу жылында университетте 47 ғылым докторы және 186 ғылым кандидаты қызмет студе. Университет PhD докторантура бағдарламалары арқылы жас ғалымдарды даярлау ісінде белсенді жұмыс жүргізуде.

Алдағы уақытта университет білім беру сапасын одан әрі арттыру, ғылыми зерттеулерді тереңдету және халықаралық ынтымақтастықты нығайту сияқты басымдықтарды көздейді. Жасанды интеллект және информатика институты ашылып, бұл бағытта қос дипломдық бағдарламалар іске қосылмақ. Бұл университеттің білім беру мен ғылыми зерттеулер саласындағы алдыңғы қатарлы позицияларын нығайтуға ықпал етеді.

УНИВЕРСИТЕТІМІЗДЕ ЖАҢА СПОРТТЫҚ ОҰЫНДАР АЛАҢЫ АШЫЛДЫ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің 9 оқу ғимаратында жаңа спорттық ойындар алаңы ашылды. Салтанатты жиында Басқарма Төрағасы-ректор Бейбіткүл Кәрімова қатысып, университеттің спорт және бастапқы әскери дайындық бағытындағы жетістіктерге тоқталды.

- Бүгінде «Дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық» білім беру бағдарламасы материалдық-техникалық базасы қалыптасып, заман талаптарына сай жабдықталған 3 мультимедиялық қондырғымен, мамандық ерекшелігіне сәйкес дәрiсханалар жаңа көрнекілік стендтермен жабдықталған. Сонымен қатар талапқа сай 6 спорт және фитнес залы, 1 жүзу бассейні, 4 ашық ойын алаңы мен бастапқы әскери дайындық мамандығына арналған саптық алаңмен қамтамасыз етілген. Оқу сабақтарына «Сейхун» спорттық-сауықтыру кешенінің базасын пайдаланады, - деді Бейбіткүл Сәрсемханқызы.

Қазіргі таңда білім беру бағдарламасында 16 оқытушы-профессор жұмыс істейді. Оның ішінде: 3 ғылым кандидаты, 2 PhD, 3 магистр, 8 аға оқытушы қызмет атқарады. Жалпы білім беру бағдарламасының контингенті 1346 білім алушыны құрап отыр.

Шара барысында университет чемпиондары алғашқы сапта жүріп өтті. Қазіргі уақытта универ-

ситетте Әлем чемпионатының 9 жеңімпазы мен жүлдегері, Азия чемпионатының 27 жеңімпазы мен жүлдегері, Қазақстан чемпионатының 120 жеңімпазы мен жүлдегері білім алуа. XII жазғы Универсиаданың қорытындысы бойынша уни-

верситет спортшылары үздік ондыққа кіріп 37 медаль жеңіп алды.

Айта кетейік, өткен оқу жылында оқу орнында футбол алаңы қолданысқа берілді.



Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің құрметті профессоры, биология ғылымдарының докторы Келіс Жайлыбай атындағы дәрісхана ашылды. Саналы ғұмырын

Жоғары оқу орнында демеушілер есебінен 19 жаңа дәрісхана ашылды

ізденіске, шәкірт тәрбиелеуге арнаған тұлғалы азамат 40 жылдан аса уақыт үзіліссіз қызмет атқарып, қалың қауымның ыстық ықыласына бөленген білікті мамандардың бірегейі.

- Келіс Нұрмашұлын белгілі күрішші ғалым, өсімдіктер физиологиясы, агрономия, ботаника, экология саласының білікті маманы деуге толық негіз бар. Ғалым 1998-2004 жылдары «Биология, география және экология» кафедрасында доцент қызметін абыроймен атқарды. Он жылға жуық ғұмырын университеттің дамуына, сапалы маман тәрбиелеуге арнады, - деді Бейбіткүл Сәрсемханқызы.

Ғалымның зерттеу жұмыстарына арқау болған тақырыптары да ауқымының кеңдігімен ерекшеленеді. Негізгі ғылыми еңбектері Арал

өңіріндегі күріш дақылның фотосинтезі және фотосинтетикалық өнімділігі теориясы мен күріштің жаңа сорттарының морфологиялық әдістемелерін жасауға арналды. Тұзданған жерлерде күріш өсірудің сорттық жаңа жетілдірілген технологиясын тұжырымдап, өндіріске енгізді. Профессордың экология және биология мамандықтары бойынша 2оқулығы, 14оқу құралы және 2 оқу-әдістемелік кешені жарыққа шыққан.

Салтанатты жиында Басқарма Төрағасы-ректор Бейбіткүл Кәрімова оқу орнымыздың стратегиялық дамуына қосқан үлесі үшін Келіс Нұрмашұлынның қызы Ақмарал Келісқызы және шәкірті Бақыт Қуанышбекұлын «Қорқыт Ата атындағы Алтын медальмен» марапаттады.



МАЙНҰР БӨРІБАЕВА: МЕНІҢ ҒЫЛЫМҒА БЕТ БҰРУЫМНЫҢ СЕБЕПКЕРІ – ҰСТАЗЫМ

Білім мен ғылым саласында тың зерттеулер жүргізіп, іскерлік пен ұйымдастыру қабілетін ұштастырып, мықты менеджер ретінде танылған нәзік жандар аз емес. Олар – отбасының да алтын қазығы. Сондай жандардың бірі – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма мүшесі – Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры, филология ғылымдарының кандидаты Майнұр Бөрibaева.

Кейіпкеріміздің ғылымға келуі, ұстаздары мен жұмыс барысындағы жаңалықтардан хабардар болу үшін Майнұр Әбілтайқызымен сұхбат құрдық.

– Бауырларыңыз ғылымға жақын мамандар. Сіз бұл салаға отбасылық миссия ретінде қарадыңыз ба, әлде жүрек қалауы ма?

– Менің ғылымға бет бұруыма бір-ақ себепкер бар. Ол – менің ғылыми жетекшім, рухани ұстазым Нұрсұл Шаймерденова. Жасыратыны жоқ, әкемнің «қыз бала мұғалім, ұл бала заңгер болуы керек» деген нақты ұстанымы болатын. Осы қағидамен «оқуды бітірсе мектепте орыс тілі мен әдебиетінің мұғалімі боламын» деп Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде филология факультетінің студенті атандым.

1-курста «Славян филологиясына кіріспе» пәнінен лекция оқуға кірген оқытушыға бірден ғашық болдым деуге болады. Ол профессор Нұрсұл Жамалбекқызы еді. Студенттермен сөйлесу мәдениеті өте жоғары, академиялық тілмен лекция оқып, үйге берген тапсырмаларын сұрау мәнері де ерекше болып көрінді. Ол кісі алғашқы оқу жылынан бастап мақала, рецензия, диссертациялардың авторефератына рецензия жазуды үйретті. «Өте жақсы, бұл сіздің қолыңыздан келеді, тағы да тырысып көріңіз» деп бізге үміт беріп, өз-өзімізге сенуге күш салды, ғылымға баулады. Бұл салаға бет бұрамын деген мақсат тіпті ойымда болған емес, сондықтан жүрегіміздің қалауы деп те айта алмаймын. Бірақ өмірлік жолымда кездескен ұстаздарыма қарап ойым өзгерді. Сол кісілердей болғым келді...
 Ұстаздарымың үмітін ақтадым ба, білмеймін. Бірақ есімдерін ешқашан ұмытпай жалғымда сақтап, сәтін салған жерде алғыс айтып жүремін.

– Елбек жолыңыз Алматы қаласындағы №14 орта мектептен басталған екен. Педагогикалық қызметіңіздегі қандай оқиғаны жиі есіңізде аласыз?

– Иә, университеттен Алматы қаласындағы №14 орта мектепке жолдама алып, жұмыс істеуге кірістім. Ол тек орыс мектебі болатын. Маған бірден сынып жетекшілігі берді. 5-7 сынып оқушыларына «орыс тілі мен әдебиеті» пәнінің мұғалімі болдым. Қазір ойласам, университетті бітіріп жұмысқа орналасқан, бар жоғы 21 жастағы маман болыппын.

Ата-аналар жиналыста мені көргенде бірден шошитын. «Өзіңіз бала сияқтысыз, арық, бойыңыз кішкентай, сізді оқушылар қалай тандайды?» деп айтқандары әлі есімде. Расымен бойым өзімнің 5-сыныптағы балаларымның бойымен бірдей болды. Дегенмен жасөспірімдермен жақын тіл табысуға тырыстым. Осылай мектепті жақсы көріп кеттім.

– Естеліктерге әрі қарай шолу жасасак. Осыдан тура 11 жыл бұрын «Болашақ бағдарламасы бойынша Ресей халықтар достығы университетінде тағылымдамадан өттіңіз. Өзге елдегі жұмыс, атмосфера ерекше болары анық. Қалай ойлайсыз, «Болашақ» бағдарламасы сізге не берді?

– Мен «Болашақ» бағдарламасының стипендияты болғанды әрқашан мақтан тұтамын. Осы бағдарламаның арқасында қазақы мінез, рух

ұғымдарын терең түсіндім. Шет елде жүргенде өз елің үшін мақтанш әрі сағыныш сезімі пайда болады. Білімді шыңдап, тағылымдамадан өтіп қана қоймай, Ресей университетіндегі профессор-оқытушылар құрамына Қазақстанның ғылымы, ғалымдардың еңбегін айтып, жетістіктерімен бөлісуге тырыстым. Ғылымтағылымдама кезінде Мәскеудің баспаханасында монографиямды шығардым. Ол алдын ала кафедрада талқылаудан өтті. Біршама ресейлік журналға мақала жаздым. Сөйтіп еңбегімізді басқа кеңістікке таратуға тырыстым. Бұл – керемет мүмкіндік. Сондықтан қазіргі жастарға, әріптестеріме үнемі «Мемлекет осындай мүмкіндік беріп жатса, бағынды сынап көру керек, уақыт өтіп кетеді, жас келеді, ал алған тәжірибе мен білім ешқашан ұмытылмайды» деп айтып жүремін.

– Филология ғылымдарының кандидаты ретінде жасөспірімдердің психологиясын және балалар әдебиетін зерттеуді қолға алдыңыз. Зерттеу жұмысының барысы қалай?

– Негізі менің зерттеу бағытым көне орыс жазбаларындағы түркі сөздерін зерттеу болатын. Ал балалар әдебиетіне, жасөспірімдер психологиясын зерттеуге біз бір топ әріптестерімізбен ғылыми жоба аясында бас қостық. Өйткені балалардың түрлі гаджеттерге (ұялы телефон, айпад, компьютерлік ойындар) құштар болуы олардың психикасын бұзып, оқу, ойлау, әдемі сөйлеу дағдыларынан айырып жатыр. Жасөспірімдердің арасында суицидтің өршуімен қатар, осы технологиялық құрылғыға тәуелділік пайда болып, денсаулықтарына үлкен зиянын тигізуде. Біз бұл мәселені 2011 жылы қозғап, кітап шығарып, ғылыми жоба аясында бірақатар зерттеу жүргіздік. Десек те бұл жағдай өршіп, заманың үлкен проблемасына айналды.

– Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетіндегі ғылым саласы қандай деңгейде? Ғалымдар зерттеу жұмысы барысында қандай бағытқа басымдық берді және олардың ғылыми зерттеулері туралы айтсаңыз.

– Бұл ауқымы кең, тіпті бөлек сұхбат ұйымдастырып, толық тарқатуға тұрарлық сұрақ. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті өткен жылы алғаш рет QS Word University Rankings-2024 халықаралық рейтинг агенттігінің талдауы бойынша әлемнің ең үздік жоғары оқу орындарының қатарына кірді. Тұрақты даму мақсаттарына үлес қосу бойынша алғаш рет UI GreenMetric әлемдік рейтингіне қатысып, беделді тізімде 1015 орынға тұрақтады. Осы рейтингтерден бастаған себепім барлығының ішінде ғылыми зерттеулер мен жобалар, шетелдік ғалымдармен бірлесіп орындаған зерттеулер ескерілді. Міне, осындай әлемдік деңгейге жетуде университет ғалымдарының үлесі зор.

Университетке ғылымынан түскен қаржы 2022 жылмен салыстырғанда 4 есеге өсті. Тек биыл Ғылым комитетінің қаржыландыруы мен әртүрлі компаниялардың тапсырысы бойынша орындалып жатқан, ұтып алған жобалардың құны 1 368 762 172 теңгені құрады.

Университет ғалымдары бағдарламалық нысаналы қаржыландыру жобасы аясында Қызылорда облысында су тапшылығы жағдайында мал азықтқ дақылдары мен ағаш екпелерін суару үшін сарқынды суларды қауіпсіз утилизациялау технологиясын әзірлейтін болады.

Университетте 8 бағытта ғылыми журнал шығарылады. Оның біреуі Ғылым және жоғары білім министрлігінің тізіміне кіреді.

Өткен жылы Қазақстанның жыл сайынғы 75 мемлекеттік ғылыми стипендиясының үшеуі университет ғалымдарына берілді. Сонымен қатар олар бытырдан бастап Ұлттық ғылыми кеңес мүшелеріне қосылды.

Ғылыми-педагогикалық кадрларды дайындау мақсатында 3 диссертациялық кеңес жұмыс істейді. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолдауымен «500 ғалым» бағдарламасы бойынша шетелде ғылыми тағылымдамадан өту үшін 25

адам жолдама алды. Сондай-ақ ынтымақтастық туралы меморандумдар шеңберінде 5 халықаралық жоба іске асырылды.

Нова Лиссабон университетінің ғалымдарымен бірге альпгеймер және паркинсон ауруларының алдын алу үшін дәрі-дәрмек әзірлеу халықаралық жобасы орындалуда. Бұдан бөлек, құрамында мұнай бар қалдықтарды қайта өңдеудің инновациялық технологиясы әзірленді.

Университет ғалымдары облыстағы Сығанақ, Жанкент, Сортөбе, Қышқала, Бәбіш мола, Асанас қалашықтарында археологиялық қазба жұмыстарын Германиядағы Тюбинген университетінің және Ресей ғылым академиясының Миклухо Маклай атындағы Археология және этнология институтының ғалымдарымен бірге жүргізеді. Жұырда университеттің жас ғалымы 2024-2027 жылдарға арналған халықаралық ғылыми жобада жеңіске жетіп, жапондық әріптестермен бірге Арал маңында ежелгі дәуір ескерткіштерін табылған жәдігерлерге архео-ботаникалық әдіс арқылы зерттеу жұмыстарын жүргізетін болады.

Ғалымдар алғаш рет африкалық тары сорттарының перспективалық үлгілерін Арал өңіріне егіп, тұзды топырақта құмай өсіру технологиясын ғылымға енгізгенін айта кету керек.

2021-2023 жылдары Мичиган университеті (АҚШ), Ховест колданбалы ғылымдар университеті (Бельгия), Люблина университеті (Словения) және Еуропалық Одақтың Erasmus+ орталықтарымен бірлесіп 4 халықаралық білім беру жобалары жүргізілді.

Өткен жылдан бастап Оңтүстік Корея Республикасы Үкіметінің қолдауымен Сеул ұлттық ғылым және технологиялар университетімен (СеулТех) ынтымақтастық аясында Жасанды интеллект және информатика институты ашылды. ЖОО-ның өзге де шетелдік оқу орындарымен ынтымақтастық байланысы артты. Қаннам университетімен (Корей Республикасы), Қытай мұнай университетімен (КХР), Томск политехникалық ұлттық зерттеу университеті, Дубна университеті (РФ), «Ташкент ирригация және ауылшаруашылығын механикаландыру инженерлері институты» Ұлттық зерттеу университетімен (Өзбекстан) бірлескен білім беру бағдарламалары жүзеге асырылуда.

Жақында Жүсіп Баласағұн атындағы Қырғыз ұлттық университетінде Қорқыт Ата университетінің өкілдігі ашылды. 2023-2024 жылдары 10 оқушы диссертация қорғады, оның ішінде 6 адам біздің университеттің докторантура түлектері.

– Білім ордасының қызметкерлері мен білім алушыларының ғылыми жұмыстарына қандай қолдау көрсетіледі? Ғалымдарға арналған жобалар туралы айтсаңыз...

– Ғалымдардың ғылыми зерттеулерге ынтықтарын арттыру мақсатында әлемдік базаларда индекстелетін рейтингі жоғары журналдарда еңбегі жарияланғаны үшін көтермелеу шаралары көзделген. Оларға кейінгі екі жылда қаржылай қолдау көрсетілуде. Ал жас ғалымдардың ғылымзерттеу жұмысын жүргізуге арналған ішкі гранттар конкурсы 3 жылдан бері ұйымдастырылуда. Биыл үздік деп танылған 8 жобаның авторына 1 250 000 теңгенен грант сертификаты табысталды. Осы жылдан бастап грант қаржысы 20 миллионға дейін көтерілді.

Наурыздан бастап Түркияның жастар және спорт министрлігінің қолдауы, қаржыландыруымен «Мәдени мұра» халықаралық жобасы іске асырылуда. Осы жоба аясында белсенді жастар мен жас ғалымдар Түркияға тегін тағылымдамаға жіберіледі. Бірінші легі осы жылдың мамыр айында барып келді.

**– Сіз үшін бақыттың құпиясы...
– Мен үшін бақыттың құпиясы – адамдарға жақсылық жасау, еліне қызмет ету.
– Сұхбатыңызға рақмет!**

**Өңгімелескен Әлия ТӘЖІБАЙ,
Ж-21-1 оқу тобының студенті**

ҚОРЛАНҒАН ТІЛ

Алғашқы адам жаратылғаннан бастап дүние тарихында миллиондаған тілдер өмір сүрді. Әр қауымның өзіндік тілі мен жазуы болды. Сол миллиондаған тілдерден қазіргі уақытта тек 7 мыңға жуық тіл ғана «тірі тілдердің» қатарына енеді екен. Бір өкініштісі, әр апта сайын адамзат екі тірі тілден айырылып отыр.

Ал осы тілдердің аман қалуына қандай факторлар әсер етеді? Бұл жерде екі себеп бар. Біріншісі, сол тілде сөйлейтін халықтың болуы, екіншісі, сол тілдің ұлттық не болмаса ұлтаралық жазу үлгісі болуы.



Осы орайда, қазақ тілінің тарихы туралы, мыңдаған жыл ішінде жетіліп, шыңдалып, алайда соңғы екі ғасырда жоғалуға таяу қалған, өзіміздің төл тіліміз – қазақ тілінің тарихы туралы сөз өрбітсек.

Жалпы қазақ тілінің жиырма бірінші ғасырға дейін тірі болуының бірден бір себебі, жоғарыда айтып өткеніміздей, жазуы мен қолданушысының болуы. Қазір жиырма миллиондай халық болып, осы тілдің одан әрі жетілуіне ат салысып жүрміз. Бірақ, өкінішке орай, кириллицамен жазамыз.

Неге өкінішке орай деймін?

Бұл сұраққа жауап беру үшін қазақ тілінің жазу тарихына бір үңіліп қарасاق.

Бәріміз білетіндей қазақ тарихымыз өте ертеден, тіпті сақтар мен ғұндардан да ерте шақтан бастау алған. Ең алғашқы жазу әдетте түркі жазуы деп аталатын «бітік жазуы», одан бөлек «ойма жазуы», «есік жазуы» секілді жазулар болған.

Қанша дегенмен ең көп тарихи жәдігерлер біздің жерде табылғанына сүйене отырып және атамыз көк түріктің ұрпағы екенімізді есте сақтай отырып, ежелгі түркі жазуын «біздің жазу» деп атай беруімізге ешкім қарсы емес деп ойлаймын.

«Біздің жазудың» қаншалықты көне және танымал болғанын көрсету үшін бірнеше мысал келтірейін.

Ең алғашқы өркениет деп танитын Мысыр пирамидалары бар емес пе? Сондағы сан ғасырлар бойы сыры ашылмай келген тас қашауларды өткен заман заңғарлары түркі ғалымдары түркі жазуының оқу методикасы арқылы оқып, сырын әлемге ашып берген. Дәл сондай 1912 жылы табылған Қытай пирамидаларындағы жазу да түркі ғалымдарының көмегімен үн қатты. Ол аздай, Жерорта теңізінің жағалауынан табылған «А линиялы жазу» ғайыптан келгендей Айнахметовтың зерттеуімен түркіше сөйлей бастады. Бұл дегеніміз ежелгі түркі жазуының тарихы біз ойлағаннан да тереңде және тамырын өте кеңге жайған. Ол тіпті көне Рим, Грек, Египет, Қытай жазуларынан да көне болуы мүмкін деген теориялар бар.

Көне түркі жазуынан соң, Орта Азия сахнасына араб әлемі шықты. Шамамен жетінші ғасырдың орта тұсынан бастап ислам дінін та-

ратушы ғалымдар өз уағыз насихаттарын біздің елге тарата бастады. Қазақ халқы таза, хақ дінді қабылдап, араб әлемі мен әдебиетін, жазу үлгісін үйреніп, сол жазуды өмірлік дағдыға айналдыра бастады. Бәрімізге белгілі, 751 жылы болған Атлаха шайқасынан кейін араб тілін патша, ғалым, әкім, сот, би, жалпы үкімет қолдана бастады. Уақыт өте келе араб қаріптері мемлекеттік қажеттілігі бар хәлге келді. Барлық саяси маңызды іс қағаздар араб қаріптері арқылы жазылды.

Жалпы араб жазуының қазақ даласында екі түрі кең етек жайды. Олар қадим және жәдид жазу жүйелері.



Зерттеушілердің көрсетуі бойынша, қадим жазу үлгісіне XVI-XVII ғ.ғ. аралығындағы тарихи негізі бар жылнамаларды, құжаттарды және түркі халқына ортақ еңбектерді, ал жәдид жазуына «Түркістан уалаяты», «Дала уалаяты» тәрізді алғашқы қазақ газеттерінде қолданылған жазу үлгілерін жатқызады.

XX ғасырдың басында Араб жазуындағы осындай үйлесімсіздікті жоюға арналған алғашқы қадам «Дала уалаяты», «Айқап» беттерінде көтеріледі. Қазақ тілі туралы, әліппе, емле қағидаттары туралы жазушылар — сол кездегі қазақтың оқығандары, мұғалімдер араб әліппінің кемшілігі туралы, қазақ сөздерін жазуға толық үйлесімді еместігін, оның орнына ұлттық әліппі шығару керектігін маңызды мәселе ретінде көтеріп отырған.

Осы шақта, ұлт ұстазы атанған Ахмет Байтұрсынұлы өзінің «төте жазу» әліппесін шығарды. Төте жазу әліппесінде жалпы 33 әріп бар болып, онда 9 дауысты дыбыс (а, ә, е, ы, і, о, ө, ұ, ү), қалғандары дауыссыз дыбыстар, у мен и кейде дауысты, кейде дауыссыз болып келе береді. Қазақтың төл дыбыстарын анық, айқын жеткізу үшін төте жазуға араб әліппесінен бөлек жана өзгерістер енгізілді. Бұл жазу 1924 жылдан бастап қолданысқа енді. Қазіргі таңда төте жазу Пәкістан, Қытай, Иран, Ауғанстан секілді мекендерде өмір сүретін қазақтардың ресми жазу үлгісі болып табылады. Өкінішке орай, төте жазу қазақ өлкесінде ұзақ уақыт тұрақтап қала алмады. Кеңес үкіметі билікті өз күшіне алған соң, КСРО-ға ортақ жазу кириллицаны енгізуге қадам жасады. Алайда халықтың көтерілуінен қорқып, уақытша латын әліппесіне көшуді ұйғарды.

Түркі халықтары жазуын латын әріптеріне көшіру жайлы қарар 1926 жылы Бакуда өткен Бірінші түркітанушылар құрылтайында қабылданды. Ұзақ тартыс соңында КСРО құрамындағы түркі ұлттарының ғалымдары дауыс берді: 101 өкіл жақтап, 7 өкіл қарсы болып, 9 өкіл ғалым қалыс қалды. Сол сәттен бастап әр ұлттың филолог ғалымдары өз тілдерінің ерекшеліктеріне қарай жаңа әліппені бейімдей бастады. 1929 жылға дейін қазақтың ұлттық әліппесі ретінде Ахмет Байтұрсынұлы жасаған

төте жазу қолданылып келген. Ал 1929-1940 жылдар арасында жаңалып қолданып жүрді.

Жаңалып деп отырғанымыз Қазақстанда қолданылған латынның қазақ тіліне бейімделген нұсқасы. Жаңалыптан соң барлық Кеңес үкіметі кириллицаға көшті.

Кириллица грек жазуы негізінде жасалған. Ресейге Кириллица 10 ғ-да енген. Орыс әліппінен Кириллицаның 12 әріпі шығарылып, екі жаңа әріп (й, е) қосылған. 1940 жылы Кеңес Одағы халықтары біртекті әліппиді қолдануы қажет деген саясатпен КСРО құрамындағы халықтардың жазуы жаппай кириллицаға көшірілді. Оның ішінде қазақ жазуы да кирилл әліппіне көшіріліп, бүгінге дейін қолданылып келеді.

Қазақстанға әр түрлі ұлттар мен ұлыстарды жинап, оларға ортақ тіл орыс тілін тағайындады. Ортақ жазу ретінде кириллицаны қолданды. Бұл саясаттың түпкі мәні үкімет ішіндегі халықтардың тарихын ұмыттыру, мәңгірт елге айналдыру. Ахмет атамыз айтқандай, тілі жоқ өзі де жоқ. КСРО құрылғанда құрамында 194 ұлт пен ұлыс болған, 70 жылдың ішінде өз саясатын жүргізу арқылы 91 ұлтты ассимиляцияға ұшыратып, «жұтып» алды. Түркі халықтарын бір бірінен ажыратып, тарихи сабақтастықты бұзды.

Кириллица жазу үлгісі ретінде керемет жазу. Оған ешқандай да шүбә келтірмейміз. Алайда, қазақ фонетикасы мен дыбысталу жүйесіне келетін болсақ, кириллица біздің тілдің табиғатын толық ашып, әсемдігін дүйім жұртқа паш ете алмайды. Өзіңіз елестетіп көріңіз, үстіне өзінен төрт есе үлкен киім киіп алған адам. Оның қимылдауы, еңбек етуі, қозғалуы өте қиын. Ондай киіммен адам барлық потенциалын көрсете алмайды. Қазақ тілі кириллица жазуымен осындай хәлдегі адамға ұқсайды.

Бір қателікті екінші рет жасау есті адамның қылығы емес екенін білеміз. Сол үшін бізге латын әліппіне көшуіміз лазым. Бұл жерде мен екі нақты себеппен бөлісіп кетейін.

Бірінші себеп, жоғарыда айтып өткеніміздей дыбыстық үндестіктің болмауы. Егер біз латын қаріптерін қолданып бастасақ аз ғана уақыттың ішінде анық сөйлеп, дыбыс табиғатын, оның әсемдігін, байлығын аша аламыз. Бұл өз кезегінде қазақ тілінің байлығын әлем халықтарына көрсететін болады.

Екінші себеп, жоғарыда еске салғанымыздай, Кеңес үкіметі бізді ата жұрттан, тарихи тізбектен айырды, ендігі кезек біз сол тарихи шындыққа қайта жалғануымыз керек. Бұл жолда латын тіліне көшу үлкен көмек болмақ. Себебі, қазіргі түркі елдерінің барлығы дерлік латын әліппесіне көшкен, тек біз, қырғыздар және бірең саран түркі елдері ғана әлі күнге кириллицамен жазып жүр. Латын қарпіне көшу арқылы түркі даласы қайта гүлденіп, сан ғасырлар бойы ұмытылып келген құндылықтар жер бетіне бұрқ етіп шығып, жас түркі баласының бойына қайта сіңіп, сол бір ғасырларда дүркіреп тұрған мемлекеттер қайта оянар еді. Түркі тарихы, әдебиеті, пәлсапасы, шығармашылығы, ұлттық құндылықтары қайта жанданып, әлем сахнасына жаңа көшбасшылар шығуы бек мүмкін.

Мақаламды қорытындылай келе айтарым, өз тілімізді құрметтейік. Қаншама уақыт саяси қыспақтың әсерінен қорланып келген тіліміз әр заманның қаһармандарының арқасында ғана тірі келді. Енді тәуелсіздік алдық деген заманда байырғы жазу мен ескінің сарқыншақтарымен өмір сүру жарамасты. Ғылым көзін дұрыс қолданып, ел болашағы үшін, тілі мен ділінің мәңгілік болуы үшін аянбай ат салысуымыз қажет.

Тіл - қоғамды мәңгілік ететін, руханиятты байытатын, халықты қайтсап қайсар ететін баға жетпес құрал. Ана тілімізді аялайық.

Қорлану - лексикалық қор жинау?

Қорлану - забір көру?

Қорланған тілді құрметтейік!

Шамиль АНАРБАЙ,
АЯ-23-7 оқу тобының студенті

УНИВЕРСИТЕТ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДЕНГЕЙГЕ ШЫҒУДА...

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің оқу жылы жемісті нетворкингтермен және шетелдік профессорлар мен серіктестердің сапарларымен басталды.

Университетіміздегі халықаралық ынтымақтастықтың қарқынды дамып келе жатқаны соншалық, соңғы бір жарым айдың өзінде университетке 18 ғалым мен оқытушы келді, олардың көпшілігі студенттермен сабақтарды, профессорлық-оқытушылық құраммен семинарларды және зертханаларда бір мезгілде дерлік зерттеулер жүргізеді:

1. Елена Фольхер – Senior Expert Service неміс ұйымының сарапшысы, қазіргі уақытта аударма ісі бағдарламасының студенттеріне сабақ беретін кәсіби аудармашы.

2. Мегин Ердоған – түрік тілі мен әдебиеті пәнінің волонтер мұғалімі. Ол Түркия мен Қазақстан үкіметтері арасындағы білім беру саласындағы екіжақты келісім аясында келді.

3. Эмиль Баутиста-Беккен – Фулбрайт бағдарламасы бойынша келген АҚШ-тан ерікті ағылшын тілі мұғалімі.

4. Стюарт Аньо – доцент, Суффолк университетінің (Ұлыбритания) Академиялық және халықаралық серіктестік орталығының директоры, онымен бірлескен EMBA бағдарламасын құру бойынша жұмыс басталды.

5. Элисон МакКуин – Суффолк университетінің (Ұлыбритания) Сапа департаменті орталығының директоры, ол да EMBA бірлескен бағдарламасын құру жобасы бойынша келді.

5. Нил Маршалл – «Қазатомөнеркәсіп» бірге Хакатонға қатысқан, сондай-ақ зияткерлік меншікті коммерциализадыру бойынша ғалымдар үшін семинарлар өткізген Change School (Ұлыбритания) даму директоры.

6. Нарине Гишаян – Change School (Ұлыбритания) қызметкері, бірлескен жұмысты жоспарлауға келді.

7. Эшли Харуда – археология ғылымдарының докторы, Оксфорд университетінің археология және өнер тарихы зертханасының ғылыми қызметкері, бірлескен зерттеулері үшін.

8. Кара Ларсон – Мичиган университетінің (АҚШ) антропология бөлімінің зерттеуші докторанты.

9. Бахтикереева Ұлданай Мақсұтқызы – филология ғылымдарының докторы, П.Лумумба атындағы «РУДН» университетінің профессоры студенттерге семинарлар мен дәрістер өткізді.

10. Красильникова Светлана Валерьевна – филология ғылымдарының кандидаты, П.Лумумба атындағы «РУДН» университетінің доценті Бақыткереева У.М. Бірлескен зерттеу бағытын талқылады.

11. Махмут Озакар – химия ғылымдарының докторы, Сакария университетінің профессоры (Түркия).

12. Андрей Любчик – химия ғылымдарының докторы, Лусофон университетінің профессоры (Португалия) шетелдік ғалымдарды тарту бағдарламасы аясында.

14. Сергиус Любчик – химия ғылымдарының докторы, Лусофон университетінің профессоры (Португалия) шетелдік ғалымдарды тарту бағдарламасы аясында.

15. Генрих Харке – тарих ғылымдарының докторы, Тюбинген университетінің профессоры (Германия).

16. Ирина Аржанцева – тарих ғылымдарының докторы, РФ Этнология және антропология институтының жетекші ғылыми қызметкері.

17. Ли Бум Хи – UAIDE ұйымының басшысы (Оңтүстік Корея).

18. Пак Кан Юн – Чангвон университетінің Технологияларды басқару орталығының жетекшісі. Негізгі нәтиже UAIDE-мен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қою болды, соның арқасында біздің бағдарламалардың үздік стартап командалары Оңтүстік Кореяның жетекші технологиялық компанияларында тағылымдамадан өту мүмкіндігіне ие болады.

Университетіміз бен осы министрлік арасында жастар алмасу мақсатында халықаралық «Мәдени мұра» жобасы аясында келген Түркия Республикасы Жастар, спорт және туризм министрлігінің 16 жастар көшбасшылары мен өкілдерін бөлек атап өтейік. Жоба екі жаққа да тиімді негізде жүзеге асырылуда.

Жақын арада Оңтүстік Кореядан биылғы оқу жылында студенттерімізге корей тілін үйретуге 2 мұғалім келеді.

Сонымен қатар, қазан айының бірінші жартысында Корея Республикасы Парламентінің Төрағасы Ву Вон Сик мырза бастаған Корея Республикасынан делегация келеді деп күтілуде. Сапар аясында Оңтүстік Корея Парламенті спикерінің дәріс оқуы жоспарлануда.

Бұған қоса, қазан айында ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі ұйымдастыратын Connected 2024 конференциясына Сеултех, Ресей Халықтар достығы университеті, Мәскеу авиация институты, Манас, Бидгош, Селчук университеттері және басқа да университеттерден серіктестер келеді.

Ал, ғалымдарымыз «500 ғалым» бағдарламасы, академиялық ұтқырлық, ғылыми тағылымдамалар мен зерттеулер аясында шет елдерге белсенді түрде баруда.

ҒЫЛЫМИ ТАҒЫЛЫМДАМАНЫҢ БЕРЕРІ МОЛ

Ғалымдардың шетелде тағылымдамадан өтуі тек жеке даму үшін ғана емес, сонымен қатар зерттеу жұмыстарын жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Ұлыбританиядағы Рединг университетінде ғылыми тағылымдама көптеген жаңа мүмкіндіктерін беруде.

Ұлыбритания жоғары білім мен ғылым саласындағы беделді елдердің бірі. Бұл мемлекет ғылыми зерттеулерді дамыту үшін барлық жағдайларды жасайды. Рединг университеті – Ұлыбританияның ең танымал зерттеу университеттерінің бірі, және мұнда ғалымдарға ұсынылатын мүмкіндіктер ерекше. Рединг университеті 1892 жылы құрылған және бастапқыда Оксфорд университетінің филиалы болған. 1926 жылы жеке университет мәртебесін алған бұл оқу орны бүгінде Ұлыбританиядағы ең ірі әрі беделді зерттеу университеттерінің бірі болып табылады.

Университет әлем бойынша QS World University Rankings бойынша үздік 200 университеттің қатарында. Әсіресе, Рединг университеті метеорология, климаттық зерттеулер, ауыл шаруашылығы, және қаржылық зерттеулер, менеджмент салаларындағы озық ғылыми зерттеулерімен танымал.

Университет кампусы өзінің кеңдігімен және заманауи инфрақұрылымымен ерекшеленеді. Рединг қаласы орталығынан небәрі 25 минуттық қашықтықта орналасқан, бұл студенттерге қала өміріне жақын болуға мүмкіндік береді. Кампуса Ұлыбританиядағы ең үлкен жасыл аймақтардың бірі орналасқан, бұл студенттер мен ғалымдар үшін табиғатпен жақын жерде жұмыс істеуге қолайлы орта жасайды.

Рединг университеті көптеген зерттеу инсти-

туттарымен байланысқан, бұл ғалымдарға заманауи зертханалар мен технологияларға еркін қол жеткізуге мүмкіндік береді. Университетте жоғары деңгейдегі зерттеу жабдықтары бар, бұл ғылыми зерттеулердің тиімділігі мен дәлдігін арттырады. Мысалы, мен өзімнің зерттеуімде университеттің арнайы кітапханалық қорын және онлайн мәліметтер базасын қолдана аламын. Бұл өте құнды ресурстар.

Университетте ғалымдар мен зерттеушілерге ерекше қолдау көрсетіледі. Әрбір ғалымның жұмысы тиімді ұйымдастырылуы үшін халықаралық зерттеу гранттары, қаржыландыру бағдарламалары, және зерттеу нәтижелерін жариялау мүмкіндіктері қарастырылған. Мұнда әртүрлі ғылыми семинарлар, конференциялар және пікір алмасу шаралары үнемі өткізіліп тұрады, бұл ғалымдарға жаңа серіктестік жобалар жасауға жол ашады.

Рединг университеті өз түлектерінің жетістіктерімен де мақтанады. Мысалы, университетте оқыған Нобель сыйлығының лауреаты Алан МакДиармид полимерлік өткізгіштер саласындағы жаңалықтар ашты. Университетте ғалымдарға ұзақ мерзімді зерттеулер жүргізу үшін қолайлы орта жасалған, бұл әлемдік деңгейдегі зерттеулердің пайда болуына мүмкіндік береді.

Ұлыбританиядағы ғылыми тағылымдаманың басты артықшылықтарының бірі – әлемдік деңгейдегі озық әдістемелермен жұмыс істеу мүмкіндігі. Рединг университетінде сіз жаңа технологиялармен және зерттеу әдістерімен танысып, өзіңіздің ғылыми қызметіңізді дамыта аласыз. Сонымен қатар, халықаралық өріптестермен жұмыс жасау арқылы зерттеуіңіздің ауқымын кеңейтуге және жаңа идеялармен толықтыруға мүмкіндік

туады.

Рединг университетінде халықаралық ғалымдармен қарым-қатынас орнату – мен үшін ерекше тәжірибе болуға. Мұнда әртүрлі елдерден келген зерттеушілермен бірге жұмыс істей отырып, жаңа зерттеу әдістерін меңгеріп, өз біліктілігіңді арттырып жатырмын. Ғылыми тағылымдама тек кәсіби дамуға ғана емес, сонымен қатар жаңа серіктестік орнатуға, болашақтағы ғылыми жобаларға жол ашады.

Ұлыбританиядағы ғылыми тағылымдама – кез келген ғалым үшін жаңа белестерге жол ашатын маңызды қадам. Рединг университеті сияқты беделді оқу орындарында тағылымдамадан өту сіздің зерттеу жұмысыңызды әлемдік деңгейге көтеруге және халықаралық ғылыми қауымдастыққа енуге үлкен мүмкіндік береді. Менің тағылымдамам жаңа зерттеу әдістемелерімен танысып, халықаралық ғылыми байланыстарымды нығайтуға үлкен септігін тигізуде.

Қазақстандық ғалымдар үшін шетелде ғылыми тағылымдамадан өту – үлкен артықшылық, себебі бұл тек жеке кәсіби даму емес, сонымен қатар Қазақстанның ғылыми әлеуетін арттыруға үлес қосу мүмкіндігі болып табылады.

Қорқыт Ата университетінде де соңғы жылдары айтарлықтай даму мен жаңалықтардың болуы мені қатты қуантады. Ғылыми тағылымдама аяқталған соң алған білік пен тәжірибемді университетімнің дамуы мен өркендеуіне жұмсаймын деп ойлаймын.

Серікхан ЖҮЗЕЕВ,
Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика
БББ оқытушысы

АЛҒАШ РЕТ УНИВЕРСИТЕТІМІЗДЕ БАҚ ӨКІЛДЕРІНЕ АРНАЛҒАН БАСПАСӨЗ ТУРЫ ӨТТІ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде Өңірлік коммуникациялар қызметі мен БАҚ өкілдеріне арналған баспасөз туры өтті. Тур аясында журналистер оқу орнының бірқатар нысанымен танысты.

технология, археология, кәсіпкерлікті дамыту, өнер және мәдениеттану, информатика бағытындағы жобалар.

Биыл 3 ғалым мемлекеттік ғылыми стипендиялардың иегері атанса, 3 ғалым

Қосанов.

Айта кетейік, қазіргі таңда ботаникалық бақтағы күрделі жөндеу жұмыстары аяқталуға жақын. Алдағы уақытта саябақ қала тұрғындары мен қонақтарына арналған демалыс орнына айналады.

Жаңа оқу жылында жалпы контингент он мыңнан асты. Биыл 3205 адам қабылданып, 1315 білім алушы грант иегері атанды. Оқу орнында Ресей, Өзбекстан, Моңғолия, Қытай, Ауғанстан азаматтары білім алады. 500-ден астам профессорлық-оқытушы құрамы дәріс оқиды. Еліміз бойынша ең жоғары шәкіртақыны Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің студенттері алады.

Журналистер студенттердің жағдайымен танысу мақсатында «Іңкәр» жатақханасына барды. Жаңа оқу жылында қолданысқа берілген 300 орындық «Іңкәр» жатақханасына қазіргі таңда 180 студент орналасқан. Заманауи үлгіге сай жабдықталған жатақханада қосымша демалыс орны, компьютер бөлмесі мен кір жуатын орын бар.

«Биыл жатақхана мәселесі толық шешімін тапты. Қазіргі таңда университет балансында



Жаңа оқу жылының басты жаңалығының бірі – Жасанды интеллект және информатика институты. Биыл алғашқы білім алушыларын қабылдап, «Информатика», «Киберауіпсіздік», «Компьютерлік бағдарламалау және бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу», «Ақпараттық жүйелер» білім беру бағдарламасы бойынша ҚР ҒЖБМ 100 білім гранты бөлінді. Келесі оқу жылынан бастап Сеул ұлттық ғылым және технологиялар университетімен «AI archites», «Data management» білім беру бағдарламалары бойынша қос дипломды бағдарлама бойынша оқыту басталады.

«Университетте Сеул ұлттық ғылым және технологиялар техникалық университетінің қаржыландыруымен 190 компьютер, 8 сервер, 5 зертхана жабдықталады. Студенттер орыс және қазақ тілдерінен бөлек, ағылшын, корей тілдерінде білім ала алады», - деді институт директоры Нұрлан Құмырзаев.

Айта кетейік, 2023 жылы Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Кореяның Сеул ұлттық ғылым және технологиялар университетімен бірлесіп Жасанды интеллект және информатика институты ашылды.

Оқу орнында ғылым саласы қарқынды дамып келеді. Осы ретте, БАҚ өкілдері оқу орнындағы Мәделхан Нәлібаев атындағы су шаруашылығы музейі, «Физика-химиялық талдау әдістері» инженерлік бейіндегі зертханасы, Т.Д.Куанышбаев атындағы химия-биологиялық зерттеулер ғылыми-білім беру орталығы, Арал өңірі экзотикалық зерттеу халықаралық орталығы және соңғы бес жылда демеушілер есебінен ашылған жаңа дәрісханалармен танысты.

Қазір университетте 30 ғылыми жобаның 23 жобасы Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруы аясында орындалуда. Бұдан бөлек 6 халықаралық жоба жүрде. Олар Оңтүстік Корея, Португалия, Япония, Ұлыбритания, Бельгия, Түркия елдерімен бірлескен жасанды интеллект, химиялық



Ұлттық ғылыми кеңестің құрамына кірді. Бұдан бөлек, үш жылдан бері жас ғалымдардың ғылыми ізденістерін қолдау мақсатында жалпы сомасы 10 млн. теңге құрайтын университеттің ішкі гранты бөлініп келеді. Ал биылдан бастап жас ғалымдарды қолдаудың көлемі 20 миллионға көтерілді. Сонымен қатар, өткен жылы «500 ғалым» жобасы 13 оқытушы шетелде тағылымдамадан өтті. Қазіргі таңда 6 оқытушы шетелде ғылыми тағылымдамада.

Одан әрі журналистер ботаникалық баққа экскурсия жасады. Биыл университеттің ботаникалық бағына 200 млн-нан астам қаржы салынды. Жалпы көлемі 5 гектарды құрайды.

«Ботаникалық бақта екі блоктан тұратын жылыжай орналасқан. Жылыжайдың жалпы көлемі 800 шарты метрді құрайды. Бүгінде қиярдың 3 буданы мен қауынның 1 буданы сынақтан өтуде. Университет жылыжайында «Биология және Агрономия» БББ-ның білім алушыларына зерттеу жұмыстарын жасап, тәжірибеден өтуге мүмкіндік бар», - деді ботаникалық бақтың директоры Самалбек

4 студенттер үйі және кәсіпкерлер есебінен жеке 3 жатақхана жұмыс жасап тұр. Биыл 50 орындық коворкинг-орталығы бар асхананың құрылысы аяқталып, іске қосылады», - деді Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор Жандос Базартай.

Биыл Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті Біріккен Ұлттар ұйымының Тұрақты даму мақсаттары бойынша алғаш рет Times Higher Education әлемдік жоғары оқу орындарының рейтингінде орын тапты. Сонымен қоса алғаш рет UI GreenMetric халықаралық рейтингіне енді. Университеттің 20 білім беру бағдарламасы республиканың үздік үштігіне кірді.

Баспасөз турының соңында Басқарма Төрағасы-Ректор Бейбіткүл Сәрсемханқызы университеттің Open space форматындағы заманауи кітапханасында БАҚ өкілдерімен кездесті. Университет басшысы ғылым және білім саласының ақпараттық саясатын іске асыруға үлес қосып, тығыз байланыста жұмыс істеп жүрген журналистерге алғысын білдірді.



ҒҰМЫРЫН ҒЫЛЫМҒА АРНАҒАН АҒҒЫСЫН СЕЙТМҰРАТОВ 60 ЖАСҚА ТОЛДЫ

Ғалым болу – табиғаттың жұмбақтарын шешу ғана емес, сонымен бірге өз ашқан жаңалықтарыңызды басқа адамдармен бөлісу. Ғалым болу – қоғам, болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілік. Ал ғалым, әрі ұстаз болу кез келгеннің қолынан келе бермейді. Шәкірт тәрбиелеу, оны биікке жетелеу, қанаттандыру, жаны мен тәнін, болмысы мен барын беру тек ұстаздың қолынан келетін қасиеттер. Міне, осы егіз ұғымды өмірімен ұштастыра білген абзал жан Аңғысын Сейтмұратов мерейлі 60 жасқа толып отыр.

Сейтмұратов Аңғысын Жасаралұлы 1964 жылдың 10 қыркүйегінде Қызылорда қаласы Тасбөгет кентінде дүниеге келген. Физика және математика ғылымдарының докторы және техника ғылымдарының кандидаты, профессор. 1995 жылы Мәскеу Мемлекеттік құрылыс университетінің «Теориялық механика» кафедрасының аспиранты, 1998 жылы осы университеттің Ғылыми Кеңесінде қорғап, «Техника ғылымдарының кандидаты» дәрежесіне ие болды. 2004 жылы аталған университеттің докторантурасына түскен. 2010 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің диссертациялық кеңесінде 01.02.04-«Деформацияланатын қатты денелер механикасы» мамандығы бойынша докторлық диссертациясын қорғап, физика-математика ғылымдарының докторы дәрежесін алған.

Докторлық диссертациясын қорғағаннан кейін 170 ғылыми және ғылыми-әдістемелік

жұмысын жариялады, оның ішінде 27 мақала Thomson Reuters (Web of Science) деректер базасына енгізілген басылымдарда, 21 мақала Scopus деректер базасына енгізілген басылымдарда, 47 мақала ҚР ҒЖБМ Білім және Ғылым комитеті ұсынған басылымдарда, 8 мақала Ресей Федерациясының Жоғары аттестаттау комиссиясының журналдарында, 18 мақала Қазақстан Республикасының басқа да ғылыми басылымдарында. Бұған қоса, шетелде 2 монография, 2 оқулық және өнертабысқа 2 инновациялық патент және бір авторлық құқық иегері. Ғылым жолында бірнеше методикалық нұсқау, 180-нен аса ғылыми мақаласы еліміздің, алыс-жақын шет елдердің ғылыми конференцияларында баяндалып, ғылыми журналдарда жарияланды.

Қазақстан Республикасы «Ерен еңбегі үшін» мемлекеттік сыйлығының иегері, ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Үздік ЖОО оқытушысы-2018» атағының иегері.

Абай атындағы ҚазҰПУ 6D010000 мамандығы бойынша диссертациялық кеңестің мүшесі. (2012). Әл-Фараби атындағы ҚазМУ. 6D070200-«Автоматтандыру және басқару» мамандығы бойынша диссертациялық кеңестің уақытша мүшесі. (2023).

2011 жылы Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына қабылдауды ұйымдастыруды бақылау жөніндегі комиссияның мүшесі. 2013 жылы Республикалық математикалық олимпиаданың қазылар алқасының мүшесі.

Қазақстан Республикасының 2018-жылғы «Үздік оқытушысы». Ресей Жаратылыстану академиясының корреспондент мүшесі. «European scientific and industrial consortium»-алтын медаль иегері (2014 жыл). Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің екі дүркін «Үздік оқытушысы» (2012ж. және

2018ж).

«Қорқыт Ата» атындағы алтын медаль және «Қызылорда қаласына – 200 жыл» медалінің иегері. Ең ерекше наградаларының бірі – 2022 жылы алған «Ерен еңбегі үшін» Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградасы.

Өзім ағаймен ең алғаш 2017 жылы 2 курсымда танысқаным есімде. Кафедра меңгерушісі Лариса Сағижанқызынан ағайдың ғылымға қызығатын студент іздеп жатқанын естіп жетіп бардым. Қысқа да нұсқа жөн сұрасып бола сала қолыма зерттеліп басталған ғылыми жобаны ұстатты да жұмысты толықтыруды тапсырды. Көп ұзамай сол жұмысты Астана қаласында Халықаралық ғылыми сайыста қорғап 2 орын алып келгенім ғылым жолындағы алғашқы жетістігім болған еді. Курстастарым Аңғысын ағайдың мысынан қорқатын. Ал, мен оларға, керісінше, ағайдың жарқын мінезін айтсам сенбейтін. Сол кезеңдерден бастау алған ұстаз бен шәкірт ретіндегі байланысымыз қазіргі докторлық диссертацияма жетекшілік етумен жалғасуда.

Адам өмірінің асыл шағы, асқар белі — 60 жасқа өміріңіз қуатты, көңіліңіз шуақты қалпыңызда жеттіңіз! Осы қарқынныңыздан қалмаңыз, шабысыңыздан танбаңыз. Қазақтың Шерағасы «алпыс жасты – талтүс» дейді. Олай болса, алпыстың асуында білімнің биігіне, ғылымның асқарына талмай, өрлей беріңіз.

Қадірлі Аңғысын Жасаралұлы! Сізге осындай мерейлі күні шын көңілден зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасыңызға амандық және бақ-береке тілеймін.

Ақжан АХАТАЙ,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің докторанты

Әбділда Төрешбаев 75 жасқа, ал Сарсенкүл Шайкамалқызы 60 жасқа толды

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде физика-математика ғылымдарының кандидаты, белгілі ғалым-ұстаз, университет ардагері Әбділда Төрешбаевтың 75 жасқа аяқ басты.



Ғалым 1978 жылдан бастап Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің оқытушысы, аға оқытушысы, доцент, кафедра меңгерушісі, қауымдастырылған про-

фессор қызметтерін абыроймен атқарып келеді. Аспан механикасы және ғарыштық динамика, қозғалыстың орнықтылық теориясы және дифференциалдық теңдеулер теориясы салалары бойынша 153-тен астам ғылыми еңбегі жарияланып, 20-дан астам оқу-әдістемеліктің авторы атанды.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде «Информатика және АКТ» кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты Сарсенкүл Шайкамалқызының 60 жасқа толды.

Ғалым 2002 жылдан бері Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде кызмет етуде. Еңбек жолында аға оқытушы, кафедра меңгерушісі, «Информатика және АКТ» білім беру бағдарламасының қауымдастырылған профессоры қызметтерін абыроймен атқарып келеді.

Сарсенкүл Шайкамалқызының халықаралық басылымдарда көптеген

мақаласы жарияланып, 1 монография мен 3 оқу-әдістемелік оқулығы жарыққа шыққан.



Жаңа буынның жарық жұлдыздары

Жаңа оқу маусымының шығарылымын жаңа рубрикамен ашуды жөн санадық. Біздің ONE айдарына Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің 1 курс студенті және алғашқы курс болса да жетістігімен өзгелерден оза шапқан дарындарды шығаратын боламыз.



Солардың бірі болашақ ағылшын тілі мұғалімі, АТ-24-1 оқу тобының студенті Саид Құдайберген. Ол Шымкент қаласындағы алдыңғы шептегі мектептің түлегі, ҰБТ-дан 120 балл алып,

біздің жоғары оқу орына грантқа түсті.


Саидтің ең маңызды жетістіктерінің бірі — ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты Дарын орталығы ұйымдастырған республикалық олимпиадада жеңімпаз атануы. Бұл олимпиадада Саид елдің әр өңірінен келген оқушылармен бәсекеге түсіп, өз білімін дәлелдеді.

Сонымен қатар, ол халықаралық Owlryia Almaty турының барлық сынақтарынан сәтті өтіп, алтын жүлдені иеленді. Бұл әлемдік дода оның білімін кеңейтуге және өзін жаңа ортада сынап көруге мүмкіндік берген тәжірибе болды.

Шымкент қаласындағы Дарын орталығы өткізген республикалық олим-

пиадада ағылшын тілі пәні бойынша 2 орын алуы — Саидтің тағы бір елеулі жетістігі. Ағылшын тілін жоғары деңгейде меңгергенін оның IELTS нәтижесі де растайды. Ол халықаралық ағылшын тілі деңгейін анықтайтын тесттен 7.5 балды еншілеген.

Саидтің жетістіктері тек білімге ұмтылған бір жастың ғана емес, көптеген замандасының ортақ көрінісі деп айтуға болады. Қазіргі жастардың арасында білімге, шетел тілдерін меңгеруге, жаңа мүмкіндіктерді зерттеуге деген құштарлық артып келеді. Саидтің жетістіктері осының бір дәлелі. Заманауи талаптарға сай өзін дамытуға, бәсекеге қабілетті болуға талпынған жас Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің таңдаған.



Біздің қоғамда жас ұрпақтың жетістіктері — баршаға үлгі. Осындай жарқын студенттердің бірі, М-24-1п/я оқу тобының студенті Нұрасыл Қалмаханов айтпа аламыз. Ол XXIII Қазақстан

Республикасының Білім Олимпиадасындағы физика пәні бойынша қола жүлдені алған. Бұл жеңіс оның білімі мен қажырлы еңбегінің нәтижесі екенін дәлелдейді.

Физика — тек күрделі есептер мен теориялар ғана емес, ғылымның терең сырла-

рына жетелейтін пән. Дегенмен, Нұрасыл мектепті тамамдаған соң математика саласына қарай бет бұруды дұрыс санаған. ҰБТ-дан 115 балды алған ол Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетін бірінші жазып, Тараз қаласынан Қызылордаға білім алуға жөн санаған. Оның айтуынша, өңірлік жоғары оқу орындарынан білім алған өте тиімді. Және мүмкіндіктерде сан алуан дейді.

Біріншіден, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде академиялық ұтқырлық бағдарламасы арқылы студенттерге әлемдік білім кеңістігінде тәжірибе жинауға мүмкіндік береді. Студенттер шетелдік серіктес университеттермен байланыс жасап, қос диплом алу бағдарламасы бойынша білім алуға қол жеткізе алады. Бұл қарапайым студент үшін үлкен қолдау. Сонымен қатар, Қызылорда қаласында болашақ мұғалімдерге қолдау көрсететін «Білім Ыбырай» қоғамдық қоры бар. Олардың басты талабы осы университеттің студенті болуы. Сол себепті де мен таңдаған оқу орны өңірлік университеттердің ішіндегі ең мықтысы деп білемін, - деді Нұрасыл Қалмаханов.

Сондай-ақ, ол болашақ математик болса да, оның халықаралық ағылшын тілі деңгейін анықтайтын IELTS емтиханынан 6,0 деңгейді иеленген. Осы оқу жылында Саид пен Нұрасыл сынды біздің жоғары оқу орнын таңдаған мықты студенттер жетерлік. Оларды университет әрдайым қолдауға дайын. Біздің ONE бір күні әлемдік деңгейде биіктерден көрінетініне сенімдіміз!

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ БОЙЫНА СІЦІРГЕН ЖАСТАР ЖАҒАНДЫҚ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ

Редакцияға хат

Ұлт – жер бетінде өмір сүрген адамның ең үлкен ерекшелікке ие бірлігі. Ұлттың өз алдына басты айырмашылықтары бар. Ол – шығу тарихы, жер меншігі, яғни территория тұтастығы, Отаны. Ұлттың ең басты ерекшелігінің бірі – ана тілінің болуы, салт-дәстүрлері, мәдениеті және халықтық әдебиеті. Бұл құндылықтар – біздің қазақ халқында ғасырдан бері қалыптасып, ұлт бойына сіңіп тұрақтаған қасиеттер.

Ұлттық құндылықтарды қазіргі уақытта жастардың бойына туғаннан бастап бойына сіңіру үшін көптеген жұмыс жүргізіледі. Отбасында біз ата-анамыздың тәрбиесінен, балабақша, мектептен барлық құндылықты бойымызға сіңіре аламыз. Аса қадірлі тарихымызды зерттеп, бай тілімізбен сусындай отырып, салт-дәстүрлеріміздің шуағына шомылып өскен біз ұлтымыздың ерекше мәдениетіне қызығамыз. Ана тілімізді құрмет тұтып жаһандануға жұтылып кетпеу үшін оны байытып, ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп қалдыру үшін бар күш жігерін жұмсайтын да келешекте жалынды жастар деп түсінеміз. Дүниежүзі тұтасып, әлем әлеуметтік

желінің әсерімен түрленіп отырған бұл жаңа ғасырда жастардың бәсекеге қабілетті болуы үшін ең бірінші қаруы – білім деп айта аламыз. Біз білімді болсақ, өз тарихымызды да білеміз, шетелден ешқандай кем түспейтін ана тілімізде де шебер сөйлеп, Отанымыздың әр тасын кеудемізге мөлдіретіп мақтанышпен таға аламыз. Жаһандық бәсеке жүріп жатқан қазіргі кезде біздің өз ерекшелігімізді көрсететін байлығымыз өте көп.

Оны дәріптеп әлемге таныта алу қазіргі жастардың үлкен мақсаты мен дағдысына айналса қазақ халқы өз орнын сақтап, мәңгі тұрақты мемлекет болатыны анық. Димаш Құдайбергенов өзінің әншілік қабілетімен әлемді мойындатса, осындай әр жас спортта болсын, мәдени салаларда, білімде және ғылыми жетістікте өз ұлттың жоғары қоя алады.

Менің бойымдағы ұлттық құндылықтар қандай? Мен бұл сауалға жауап беру үшін өз отбасымнан көрген тәрбиемді мысалға аламын. Ана тілімде таза сөйлеймін, әрі салтымды қадірлеймін. Қазағымның тарихын кең танып, тегімді танып білуде ата-

бабамызға бас ие білемін. Әр адам өзінен бастаса, айналасына құнды қасиетімізді таратса, жаһандық бәсекеге де қабілетті бола аламыз. Киім стиліне ұлттық өң беру, музыканы әлемге дәріптеу, ғылымда ұлттық құндылықты паш ету осы үшін қажет.

Мектеп – ұлттық құндылықты ғылыммен ұштастыратын орта деп білемін. Бұған дәлел ретінде 11-сыныпта облыстық ғылыми жобалар байқауында қорғаған «Алма Қыраубаева және ұлттық мектеп идеясы» тақырыбын айта аламын. Осы жоба барысында бала әлемдік бәсекеге қабілетті болу үшін мектепте өз ұлтының басқаға ұқсамайтын тарихын, дәстүрін, жерін, тілін қастерлеуінің аса қажет екенін білдім.

Өзім таңдаған журналистика саласында да ұлттық құндылығымды әлемге дәріптеймін деп есептеймін. Осы ұстанымым – менің болашаққа салған сара жолымның биік тұғырлы байрағы болып қала береді.

Сара БАЗАРБАЙ,
Ж-24-1 оқу тобының студенті

Құрылтайшы: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитеті тексеріліп, №КЗ29VPY00077786 куәлігі берілген.

Бас редактор:
Қ.Ә.Омаров

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Б.С.КӨРІМОВА - Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма Торағасы-Ректоры
М.Ә.БӨРІБАЕВА - Басқарма мүшесі-Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор
Ж.Н.БАЗАРТАЙ - әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор
Г.Д.ЗЕЛБАЕВА
Тұлғалар қауымдастығының төрайымы

Редактордың орынбасары:

Азамат
Абинолла

Техникалық редактор:
Асқар
Алданышұлы

SYR TULEGI
student jastar gazetі

Жарияланған мақаладағы автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды. «Сыр түлегіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуға міндетті.